

Мемлекеттік мекеменің мүлкін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 194 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 161-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мекеменің мүлкін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 18 наурыздағы
№ 194 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік мекеменің мүлкін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға беру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мекеменің мүлкін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөнінде шараларды қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 161-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және Мемлекеттік мекеменің мүлкін

әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай – белгілі бір аумақта әлеуметтік қатынастар саласында адам шығынына, денсаулыққа зиян тиюіне, қомақты мүлік шығынына немесе тұрғындардың тыныс-тіршілік жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдай;

2) мемлекеттік мекеме – басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекет құрған және қаржыландырудың қосымша көздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, бюджет немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ғана ұсталатын коммерциялық емес ұйым;

3) мемлекеттік мүлік – республикалық және коммуналдық мүлік (бұдан әрі – мүлік);

4) соғыс жағдайы – Қазақстан Республикасына қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерді болғызбауға немесе оларға тойтарыс беруге жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим;

5) төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға беру тәртібі

3. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөнінде шаралар қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын

қажетті мүлікке мұқтаждық туралы өтініммен (бұдан әрі – өтінім) мемлекеттік мекемеге жүгінеді.

Бұл ретте өтінімде мемлекеттік органның немесе облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жедел штаб басшысының әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөніндегі шешіміне сілтеме не Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды немесе соғыс жағдайын енгізу туралы жарлығы көрсетіледі.

Өтінім жіберілгенге дейін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мұқтаждары үшін мемлекеттік мекемеде қажетті мүліктің бар-жоғын нақтылауға жол беріледі.

4. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам өтінім түскен күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күннен аспайтын мерзімде өтінімді қарайды және мемлекеттік мекеменің мүлкін беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның өтінімді жазбаша келісуі мемлекеттік мекеменің мүлкін беру туралы шешім (бұдан әрі – шешім) болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің балансында болмауы, сондай-ақ егер мемлекеттік мекеменің мүлкін беру оның іркіліссіз қызметінің бұзылуына алып келетін болса мемлекеттік мекеменің мүлкін беруден бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің мүлкін беру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің мүлкін қабылдау-беру актісін (бұдан әрі – қабылдау-беру актісі) жасау арқылы шешім алынған күні жүзеге асырылады.

Мүлікті қабылдау-беру кезінде беретін және қабылдайтын тараптар оның физикалық және техникалық жай-күйін бірлесіп айқындайды, оның одан әрі пайдалануға жарамдылығын белгілейді, ол қабылдау-беру актісінде көрсетіледі. Мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз мүлік берілмейді немесе қабылданбайды.

6. Қабылдау-беру актісі екі данада жасалады, оған беретін және қабылдайтын тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары және материалдық жауапты адамдары қол қояды, оны беретін және қабылдайтын тараптардың бірінші басшылары немесе олар уәкілеттік берген адамдар бекітеді.

7. Қабылдау-беру актісі мемлекеттік мекеменің мүлкін есепке алуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелерге беріледі.

8. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар алған мемлекеттік мекеменің мүлкін қайтару әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы құқықтық режимі тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Қағидалардың 6-

тармағында айқындалған тәртіппен ресімделетін қабылдау-беру актісі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеменің бүлінген мүлкіне жасалған қабылдау-беру актісіне оның әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы құқықтық режимі кезінде бүлінгенін негіздейтін растау құжаттары (материалдары), сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын мүліктің техникалық жай-күйі туралы акт қоса беріледі.

Мемлекеттік мекемеден алынған мүліктің жойылып кетуіне байланысты оны қайтару мүмкін болмаған жағдайда осы мемлекеттік мекемеге мемлекеттік органның (мекеменің) өтінімге қол қойған басшысының қолымен тиісті хат жіберіледі, оған осындай жойылып кетуді растайтын құжаттар (материалдар) қоса беріледі.

Мемлекеттік мекеменің мүлкін
әлеуметтік сипаттағы төтенше
жағдайдың алдын алу және
оларды жою жөніндегі
шараларды қабылдау үшін,
сондай-ақ төтенше жағдай
немесе соғыс жағдайы енгізілген
кезде Қазақстан
Республикасының құқық қорғау
органдары мен арнаулы
мемлекеттік органдарына,
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне, басқа да
әскерлер мен әскери
құралымдарға беру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

_____ Мемлекеттік органның (мекеменің) атауы

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қажетті мүлікке мұқтаждығы туралы өтінімі

Негіздеме: _____

(уәкілетті мемлекеттік органның әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай құқықтық режимін енгізу туралы шешімі не Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды немесе соғыс жағдайын енгізу туралы жарлығы)

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4

Мемлекеттік органның (мекеменің) басшысы _____
лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік мекеменің мүлкін
әлеуметтік сипаттағы төтенше
жағдайдың алдын алу және оларды
жою жөніндегі шараларды қабылдау
үшін, сондай-ақ төтенше жағдай
немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде
Қазақстан Республикасының құқық
қорғау органдары мен арнаулы
мемлекеттік органдарына, Қазақстан
Республикасының Қарулы Күштеріне,
басқа да әскерлер мен әскери
құралымдарға беру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органның (мекеменің) атауы

Бекітемін Беретін тараптың мемлекеттік органының (мекемесінің) басшысы _____ _____ қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ жылғы " ____ " _____ Мөр орны	Бекітемін Қабылдайтын тараптың мемлекеттік органының (мекемесінің) басшысы _____ _____ қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ жылғы " ____ " _____ Мөр орны
--	---

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде мемлекеттік мекеменің мүлкін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қабылдау-беру актісі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Зауыттық нөмірі	Санаты	Баланс-ты қ құны	Техникал ы қ жай-күйі жарамды/ жарамсыз	Шыға-рыл ған жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Беретін тараптың лауазымды адамы:

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қабылдаушы тараптың лауазымды адамы:

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның
_____ жылғы " ____ " _____ № _____ шешімі негізінде

қабылданатын (берілетін) мүліктің атауы

_____ қарап-тексеру жүргізілді.

Мүлікті берген: _____

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ жылғы " " _____

Мүлікті қабылдаған: _____

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ жылғы " " _____

Беретін тараптың бухгалтерлік қызметінің белгісі _____

Беретін тараптың бас бухгалтері _____ қолы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қабылдайтын тараптың бухгалтерлік қызметінің белгісі _____

Қабылдайтын тараптың бас бухгалтері _____

қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік мекеменің мүлкін
әлеуметтік сипаттағы төтенше
жағдайдың алдын алу және оларды
жою жөніндегі шараларды қабылдау
үшін, сондай-ақ төтенше жағдай
немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде
Қазақстан Республикасының құқық
қорғау органдары мен арнаулы
мемлекеттік органдарына, Қазақстан
Республикасының Қарулы Күштеріне,
басқа да әскерлер мен әскери
құралымдарға беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Мүліктің техникалық жай-күйі туралы АКТ

Мына құрамдағы беретін тараптың комиссиясы:

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ техникалық жай-күйін қарап-тексерді

(мүліктің атауы, маркасы, моделі, шығарылған жылы және т.б.)

Қарап-тексеру нәтижелері: _____

(мүліктің техникалық жай-күйі көрсетіледі)

Комиссия құрамы:

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК